



БҰЙРЫҚ



Түркістан қаласы

ПРИКАЗ

№ 

город Туркестан

2024-2025 жаңа оқу жылына профессор-оқытушы құрамына конкурс жұмыстарын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 11, 49 бабының 2) тармақшасына, «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысының 14-бабы 86-тармағының 13) тармақшасына сондай-ақ 2024 жылғы 11 наурыздағы №3 Сенім хат негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ішкі және сыртқы қосалқы оқытушылары мен зейнет жасындағылардан басқа барлық профессор-оқытушы құрамына 2024 жылдың 13 мамырынан бастап 2024-2025 оқу жылына конкурс ұйымдастырылып, еңбек шарты мерзімдерін ұзарту немесе тоқтату шараларына келесідей жұмыстар жүргізілсін:

1.1 2024 жылдың 12 сәуірінен бастап профессор-оқытушы құрамына және университет сайтына хабарлама жариялансын (жауапты: Әкімшілік бөлімі, Мектеп директорлары).

1.2 Университеттің Ғылыми зерттеу орталығы, Академиялық даму бөлімі және Сапаны қамтамасыз ету бөлімдерінен профессор оқытушы құрамына қатысты сұратылатын мәліметтер Әкімшілік бөлімінің талап еткен мерзіміне дейін уақытылы берілсін (жауапты: бөлім басшылары).

1.3 Конкурс қорытындысы бойынша анықталған мерзімдерге профессор-оқытушылармен еңбек шартына қосымша келісім жасалынсын (жауапты: Әкімшілік бөлімі).

2. Бұйрықтың орындалуын қадағалау Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор К.Адиловаға жүктелсін.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырыма қалдырамын.

Негіздеме: Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор К.Адилованың қызметтік хаты.

Аппарат басшысы



Т.Искаков